

А.Е. Баербекова\*, Ж.Д. Рапишева, А.З. Қазанбаева, Б.А. Қалиев

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан*  
(e-mail: [baerbekova.aliya@mail.ru](mailto:baerbekova.aliya@mail.ru), [r\\_zhanat@mail.ru](mailto:r_zhanat@mail.ru), [ajnagulkazanbaeva@mail.com](mailto:ajnagulkazanbaeva@mail.com),  
[kbek2425@gmail.com](mailto:kbek2425@gmail.com))

## «Дала» концептісі «Қазақстан» концептосферасының фрагменті ретінде

Мақалада қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымында ерекше орын алатын «дала» концептісінің лингвомәдени және когнитивтік қырлары жан-жақты зерттелген. «Дала» ұғымы қазақ халқының ұлттық болмысы мен мәдениетінде айрықша маңызға ие, ол халқымыздың кеңістік туралы түсінігін, еркіндікке деген сүйіспеншілігін, рухани құндылықтарын, патриотизмін және табиғатпен үйлесімді өмір сүру философиясын бейнелейді. Зерттеу барысында «дала» концептісінің қазақ халқының ұлттық санасындағы орны мен оның «Қазақстан» концептосферасының негізгі өзегін құрайтыны анықталды. Бұл ұғымның құрылымы фреймдік талдау әдісі арқылы қарастырылып, негізгі моделі анықталды. Мақалада фреймге анықтама беріліп, тілдегі негізгі қызметі талқыланды. Когнитивтік лингвистикадағы фрейм — білімді ұйымдастырудың маңызды құралы. М. Минскийдің фреймді адамның жадындағы ақпарат пен көрген мәліметті модельдеу әдісі ретінде, яғни ол санадағы визуалды, стереотиптік қабылдауға негізделген ақпараттық құрылым екені талданып, ал Ч. Филмор фреймді тіл біліміне енгізіп, оны концептуалды білім мен когнитивтік құрылым ретінде қабылдағаны сипатталды. Зерттеуші ғалымдардың фреймді жадыда сақталған ассоциация жиынтығы немесе стандартты білімді қамтитын көпқұрамды концепт деп қарастыратыны, фреймдер ақиқаттың санада топтасып, концептуалдық жүйе қалыптастыруын қамтамасыз ететіні баяндалады. Жоғарыда айтылған фреймдік құрылым негізінде «Отан», «ел», «туған жер», «ауыл», «өлке», «аймақ» сияқты ұғымдардың мазмұны ашылды. Сонымен қатар біртұтас жалпы концептінің бір бөлігі немесе оның ішкі категориясы болып табылатын «субконцепт» ұғымына анықтама беріліп, «дала» концептісін құрайтын «Ұлы дала», «қазақ даласы», «сайын дала», «байтақ дала», «жазық дала» субконцептілердің тілдік ерекшеліктері мен олардың мәдени-танымдық мәні терең талданды. Зерттеу барысында Қазақстан мен Татарстан жастарының қатысуымен ассоциативтік эксперимент жүргізілді. Эксперимент нәтижесі «дала» ұғымының бауырлас екі елдің де тілдік санасында маңызды орын алатынын көрсетті. Бұл ұғымның қазақ халқының ұлттық бейнесін айқындайтын негізгі концепт ретінде танылғаны дәлелденді. Сондай-ақ «дала» ұғымының қазақ халқының дүниетанымы мен мәдениетіндегі өзектілігі мақал-мәтел, фразеологизм және лексикографиялық деректер негізінде дәйектелді. Мақалада «дала» концептісінің тарихи, мәдени және тілдік тұрғыдан терең талдануы оның қазақ халқының ұлттық кодын айқындаудағы маңыздылығын көрсетті. Зерттеу нәтижелері «дала» концептісінің қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымындағы орны ерекше екенін және оның ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін айқындауға мүмкіндік беретінін көрсетті. «Дала» ұғымы қазақ халқының ұлттық болмысын, рухани құндылығын және мәдени ерекшелігін тереңірек түсінуге жол ашады.

*Кілт сөздер:* «Қазақстан» концептосферасы, «дала» концептісі, фреймдік талдау, лингвомәдени бірлік, ассоциативтік эксперимент.

### *Kipicne*

Кеңістік туралы түсініктер адам танымын, санасын сипаттайтын маңызды категорияның біріне жатады. Қоршаған әлемді қабылдауда кеңістік белгілі бір бағыт береді, кез келген мәдениетте «әлем бейнесінің» негізгі параметрін қалыптастырады. Осыған орай, қазақ дүниетанымындағы, мәдениетіндегі кеңістік сипаттамасын зерттеу этномәдени ерекшелікті айқындауға, халықтың ділдік ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді.

Адам кеңістігі оның өмір сүру ортасы мен географиялық ландшафтысына байланысты анықталатыны белгілі. Этникалық кеңістік адамды белгілі бір этносқа және географиялық ландшафтқа тиесілі деп болжай алады. Мысалы үшін, қазақ халқының әлемнің тілдік бейнесінде кеңістік ұғымы дала, жазықтық, дарқандық, егемендік ұғымдарымен астарласып жатады.

Қазақ халқының дүниетанымы мен мәдени өмірінде «ДАЛА» ұғымы ерекше орын алады. Ол — тек аумақтық кеңістік емес, дала халқымыздың өмір салтының, рухани құндылығының, еркіндікке деген ұмтылысының және табиғатпен үйлесімді өмір сүру философиясының нышаны.

\* Хат-хабар үшін автор. e-mail: [r\\_zhanat@mail.ru](mailto:r_zhanat@mail.ru)

Аталған тақырыбымыздың өзектілігі бүгінгі жаһандану заманында ерекше артып отыр. Ұлттық құндылығымыз бен дәстүріміздің сақталуы, оларды болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыру мәселесі бүгінгінің басты міндеті деп айта аламыз. «Дала» концептісі қазақ халқының еркіндікке, егемендікке деген сүйіспеншілігін, кендік пен шексіздікке деген ұмтылысын бейнелейді. Бұл ұғымды зерттей отырып, біз ұлттық бірегейлікті нығайтуға, мәдениетіміздің маңызын тереңірек түсінуге және оны әлемдік деңгейде танытуға үлес қоса аламыз. Бұл мәселе осы тақырыптың теориялық және практикалық маңызын айқындай түседі.

#### *Материал және әдістер*

Мақалада семантикалық-когнитивті талдау әдісі арқылы тіліміздегі түрлі сөздіктегі концепт бола алатын «дала», «Ұлы дала», «Отан», «туған жер» және т.б. ұғымдардың мағынасы талданып, нақтыланды. Қазақстан, дала концептілеріне компоненттік, контекстік және ассоциативтік талдау жүргізіліп, қазақ тіліндегі сөздіктер мен БАҚ материалы басты зерттеу материалы ретінде пайдаланылды. Осы негізде кешенді концептуалды талдау әдісі пайдаланылды, себебі бұл әдіс концептіні құрылымдау мен модельдеуді қамтиды, сондай-ақ концептінің семантикалық және прагматикалық компонентін талдау арқылы олардың мәдени сипатын ашуға мүмкіндік береді. Концепт тілдің әртүрлі деңгейінде көрінегін ділдік құрылым болғандықтан, оның тіркесімділік мүмкіндігін контексте талдау негізінде ғана анықтауға болады. «Қазақстан» концептосферасындағы «дала» концептісінің қазіргі өзектілігін анықтау мақсатында ассоциативтік эксперимент әдісі тиімді қолданылды. Аталған әдісті қолданудың нәтижесінде тіл біліміндегі концепт ұғымы, оның ішінде Қазақстан концептосферасындағы «дала» концептісінің аса маңызды эмбебап категория екені дәлелденді.

#### *Нәтиже мен оның талқылануы*

Қазақ халқы көшпелі халық болғандықтан, ерте заманнан-ақ кеңістікті тануға деген ұмтылыс жасағанын көре аламыз. Мұны біз халқымыздың фольклорынан таба аламыз. Қазақ халқы кеңістікті аспан астында орналасқан бүкіл қоршаған әлем деп қабылдаған, мысалы: шөл 'пустыня', алқап 'долина', шөл дала 'пустыня', дала 'степь', шөлейт 'полупустыня', аланқай 'полянка' [1; 115].

Қазақтың тілдік дүниетанымында кеңістік табиғатпен толықтай үйлесім табады, сол себепті де адам қоршаған әлемді танып-біле отырып, кеңістік бейнесін кеңейтеді. Кеңістікті қабылдаудың бастауы көшпенді халық пен табиғат біртұтас болған уақытқа барып тіреледі. «Кеңістік» концептісінің мазмұны ұлттық дүниетанымды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, оның негізі — ғаламның кеңістік моделі. Ол мифте көрініс табады, діни түсініктерде бейнеленеді, мәдени әдет-ғұрып пен салт-дәстүрде қайта жаңғыртылады.

Қазақ мәдениетінде кеңістік туралы түсінік философияның негізгі ұғымдары — кеңістік пен уақытпен ұштасып, олар рухани құндылықтар ретінде қабылданады. Кеңістік пен уақытты біртұтас жүйе ретінде көптеген философпен қатар, тілші мен әдебиетшілер де басты нысанына алған [2–6]. Л.Н. Гумилёв әзірлеген теориялық тұжырымға сәйкес тәңіршілдік ұғымы уақыт пен кеңістікті архетиптік тік (вертикальді) құрылымға орналастырады, олар көлденең (горизонтальді) шектеуден тыс қарастырылады [7].

Қазақ дүниетанымындағы кеңістік ұғымын көшпелі өмір салтымен, тарихи оқиғамен, кеңістіктегі қозғалыспен тығыз байланыста дамып, әр кезеңде жетіліп отырған негізгі эмбебап категория екенін қазақ зерттеушілері де атап кетеді [8–12].

Ал қазақ тіл білімінде кеңістік ұғымы грамматикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік құрылым арқылы айқындалады. Ал көркем шығармаларда *дала*, *жер*, *жол* т.б. сөздерімен беріледі, доминант мағынасы — дала [13; 80].

Қазақ халқы үшін кеңістік пен уақыт туралы түсінік көшпенділердің күнделікті өмір салты, тұрмысы және табиғатпен қарым-қатынасы негізінде қалыптасқан мазмұнды айқындыққа ие. Әлемнің тік (вертикальді) моделі кеңістік пен уақытқа негізделгенімен, ол көшпенділер үшін аса маңызды рөл атқармайды. Ал көлденең (горизонтальді) модель ашық және үнемі өзгеріп, жаңа мазмұнмен толығып отырады. Бұл ерекшеліктер қазақ халқының дүниетанымын сипаттайды, онда тік әлемде басты орын алатын — айналаны танып-білетін адам. Көшпенділерге бір жерден екінші жерге көшіп-қону үшін кең байтақ кеңістік керек болды. Өйткені олар жылжымалы баспана, көлік құралы және шаруашылық жүргізу үшін жағдайға мұқтаж еді. Сол себепті дала олардың өмір салтына

қолайлы аймақ болды. Сондықтан қазақ халқы үшін кеңістіктегі «дала» ұғымы қасиетті әрі киелі екені сөзсіз.

«Дала» дегенде кез келген қазақ баласына Отан, туған жер, Атамекен, жазира дала, туған ел, көк шалғын, туған ауыл, жайлау және Қазақстан елестейді. Ұлттық дүниетанымда «дала» концептісі ерекше маңызға ие. Дала — өмірдің символы. Дала қазақ халқы үшін кеңдік пен шексіздікті білдіреді.

«Жалпы, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, таным-нанымы көшпелі өмір салтына байланысты болғандықтан, оның дүниетанымында дала, далаға тән кеңдік, сол дала тіршілігіне бейімделу үнемі көрініс табады» [14], — деп профессор А.С. Әділова «қала» мен «даланы» салыстыра отырып, екі концептінің ерекшелігін атап өтеді. Қазақ халқының танымында шаңырақ, бесік, киіз үй, қамшы, бөрік, домбыра, тұмар т.б. сөздермен қатар «дала» да лингвомәдени бірлік ретінде ұлттық-мәдени концепт деп танылады. Концепті санада танылу деңгейіне қарай, метафизикалық, ұлттық-мәдени, эмоционалдық концепті болып бөлінеді. «Дала» концептісін ұлттық-мәдени концептіге жатқызуымыздың бір себебі, «дала» ұғымы қазақ халқы үшін туып-өскен, өсіп-өнген жер, қасиетті мекен, туған жер деген ұғымда жұмсалады.

«Дала» терминінің бүгінде дәл мағынасы жоқ. Аталған сөз көптеген жалпы еуропалық тілдерде кездеседі. «Step» — «жазық, тегіс болу» деген мағынасы кең таралған. Латыш тілінде stiept — «созылып жату» деген мағынаны берсе, эзербайжандарда «tar» — бұл «ашық, тегіс орын», хинди тілінде «tar» — «алаң, иен жер» деп берілген.

Қазақ тілінің лексикографиялық дерегіне сүйенетін болсақ, 1978 жылы Алматы баспасынан шыққан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» дала сөзіне мынадай анықтама беріледі: «ДАЛА зат. 1. геогр. Жайылымдық, шабындық, кең байтақ жазық өңір... 2. Үйден сырт жер, тыс... 3. Ауылды жер, қыр... 4. Өлке, аймақ... Байтақ дала. Ұшы-қиыры жоқ кең дала... Бетпақ дала. Үлкен аймақты алып жатқан шөл дала... (ҚТТС, 3-том).

Ал «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» дала сөзінің он мағынасы берілген: «ДАЛА з а т е с і м. 1. э.т.н. Қазақ ұғымында туған жер мағынасымен астасатын, кең байтақ жазық өңір... 2. Г е о г р. Бетін шөптесін өсімдік басқан, ландшафттық-белдемдік өңірлердің жалпы атауы, ормансыз аумақтар... 3. Сырт жер, тыс... 4. с ө й л. Аула, есіктің алды, қора... 5. Ауылды жер, қыр (антонимі қала)... 6. Шабындық, жайылымдық жер... 7. Жапан тұз, адам аяғы сирек баратын жер... 8. Белгілі бір жазық жердегі өлке, аймақ... 9. а у ы с.м. Қазақ жұрты, мекені, елі деген мағынада... 10. а у ы с. м. Киелі мекен, атажұрт (ҚӘТС, 4-том).

Біз өз зерттеуімізде қазақ ұғымында туған жер мағынасымен астасатын, кең байтақ жазық өңір, яғни ауыспалы мағынасы киелі мекен, атажұрт мәніндегісін талдаймыз. Өйткені дала ұғымын концепт дәрежесіне көтеріп тұрған дәл осы жоғарыдағы айтылған мағынасы болып отыр.

Қазақ тілінде шыққан БАҚ дерегіне сүйенетін болсақ, «дала» концептісі байтақ дала, кең дала, қазақ даласы, жазық дала, сайын дала, жазира дала, маң дала т.б. лингвомәдени бірліктермен берілген. Бұл бірліктерді біз мақаламызда «субконцепт» деп бердік. Субконцепт — біртұтас жалпы концептінің бір бөлігі немесе оның ішкі категориясы болып табылатын ұғым. Басқаша айтсақ, субконцепт — жалпы ұғымның қасиеті мен сипаттамасын сақтай отырып, өзіне тән ерекше белгілері бар тар, әрі нақты ұғым. Субконцепті философия, лингвистика, когнитивті ғылымдар, информатика сияқты түрлі ғылым саласында берілген ақпаратты құрылымдау және түрлі ұғымның мағынасын нақтылау үшін жиі қолданылады.

**СУБКОНЦЕПТ** — қазақ даласы. Қазақ даласы — Орталық Азиядағы кең аумақ. Ол Қазақстанның солтүстігіндегі және Ресей Федерациясымен шекаралас жеріндегі даланы қамти отырып, батыста Понт-Каспий даласынан шығыстағы Еміл аңғарының даласына дейін созылып, үлкен Еуразия даласының бір бөлігін құрап отыр. Қазақ даласы — тарихта қалған ұлылардың алтын бесігі болған қасиетті мекен [15]; *Қазақ даласы белгіленген 1584-жылғы карта табылды* (Bag.kz). «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» берілген ақпарат: *а) поэт. Қазақтардың атамекені, киелі саналатын ата-бабасынан қалған жері. Алда қазақ даласы Ару қырын гүл басқан (Т. Айбергенов, Мен саған).* (ҚӘТС, 4-том).

**СУБКОНЦЕПТ** — кең дала. Қазақ халқы үшін шексіз де шетсіз, ұшы-қиыры жоқ ұлы мекен — кең дала қазақ халқының кең пейілі мен дархан жүрегінің көрінісіндей. Кең дала — тек табиғаттың бір бөлігі ғана емес, ол қазақ халқының рухани байлығының, еркіндігі мен тәуелсіздігінің нышаны. Далада дүниеге келген қазақ халқының мінезі де осы кеңістікке ұқсайды: ашық, дарқан, қонақжай. «Кең далам» деп өлең арнамаған ақын, әнге қоспаған әнші жоқ шығар. Барлығы кең далаға деген махаббат пен сағынышты, патриотизмді жырлайды.

Әдеби сөздікте: «а) поэт. Самарқау жатқан жазық, ұшы-қиыры жоқ тегіс жер. Желі бар бетке тиген жылы еспе, Күн жылы, аспан жарық онды кеште. Қарасаң бұл уақытта кең далаға, Әртүрлі қиял келіп түсер еске (С. Торайғыров, Алаш ұраны). ә) ауыс. Қазақтың киелі саналатын ұлан байтақ туған жері, қазақ жұрты. Көркем дала, кең дала, Тіл жетпес сені бағалап, Тауыса алмадым, мен балаң, Үздіксіз қырық жыл аралап (С. Мұқанов, Замандас, 361-б.) деп берілген (ҚӘТС, 4-том). Даласы кең, қаласы тар Қазақстан ([aikyn.kz](http://aikyn.kz)); Жасыл тұс — елдің исламға берілгендігінің белгісі, қызыл — ел қорғауда төгілген қан, сары қазақтың кең даласы, еркіндіктің белгісі ([abai.kz](http://abai.kz)).

СУБКОНЦЕПТ — байтақ дала. Байтақ дала — туған жердің қымбат бізге әр тасы ([aqjolgazet.kz](http://aqjolgazet.kz)); Автор кітабында «қазақ» атауының бұрын «қырғыз» аталып кеткеніне түсінік бере келіп, қазақтың ұлан-байтақ даласының өзіне тән ерекшеліктері бар көрінісін, сол кезде қоғамдық орны өзгеше қазақ байларының аты-жөнін атап, суреттерін кітабында жариялайды ([egemen.kz](http://egemen.kz)).

Аталған тіркестегі «байтақ» сөзінің шығуына тілдік талдау жасайтын болсақ, біржақты пікір жоқ. Р. Сыздық бұл сөздің түпнұсқасы жайлы былай дейді: «Байтақ сөзінің өзі қазақ, қырғыз сияқты түркі тілдеріне өте ертеде парсы тілінен енген болуы керек» деп, парсы тіліндегі «пайтахт» сөзі «кастана» (нақты аудармасы: тақтың төменгі жағы) дегенді білдіретінін айтқан. Уақыт өте «байтақ» сөзі қазақ тілінде «жұрт», «кең, үлкен, ұшы-қиырсыз» деген ауыспалы мағыналарға ие болған деп түсіндіреді [16; 98].

Ал «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» кейінгі ауыспалы мағынасында берілген: *Ұшы-қиырсыз кең дала. Жайнатып байтақ даланы, жауызды қуып сақтады, өлтірмей қатын-баланы (ҚӘТС, 4-том).*

Н. Оңдасыновтың «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігінде» де «байтақ» сөзі «шексіз, кең» деген мағынада берілген [17; 67]. Р. Сыздық Шалкиіз бен Махамбет жырларындағы «байтақ» сөзінің парсы тіліндегі «пайтахт» сөзінен туындауы мүмкін екенін айтады. Бұл пікірді К. Юдахиннің «Қырғызша-орысша сөздігі» де растайды, ондағы «байтақ» сөзінің «столица» деген аудармасын таба аламыз [18; 98]. Дегенмен «байтақ» сөзінің қазақ тілінде «кең, ұшы-қиыры жоқ, үлкен» деген мағынаға ауысқаны туралы пікірмен келісу қиын. Себебі басқа тілдік дерек бұл пікірді қолдамайды. Мысалы, араб тілінде «бидағ» сөзі «шөл» не «дала» деген мағыналарды береді екен. Бұл сөз түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестігіне сай «байтақ» түріне дейін өзгеріп, мағынасын жоғалтпай жеткен болуы мүмкін. Осылайша, қазақ тілінде бұл сөз бастапқы «дала» деген мағынасын сақтап қалған болуы ықтимал.

СУБКОНЦЕПТ — жазық дала. «Егемен Қазақстан» газетінде: *Жергілікті жұрт Сұңқайты атап кеткен, шын мәніндегі аты Сұмқайтты жазығы бүгінгі Т. Рысқұлов ауданының Тереңөзек ауылдық округі, мына жағы Өрнек ауылдық округінің Бірлес, Жарлы су елдімекендері, күнгеі жағы Юбилейное ауылына дейін қамтып жатқан үлкен жазық дала ([egemen.kz](http://egemen.kz)).*

«Орысша-қазақша түсіндірмелі географиялық сөздікте»: «*Жазық — беті тегіс немесе сәл толқынды болып келетін жердің үлкен алапты алып жатқан рельеф формасы. Мұнда көрінілес орналасқан нүктелердің биіктік айырмасы өте аз болады. Жазық ойпатты да, үстіртті де болуы мүмкін және оның көпшілігі бір жағына қарай сәл еңістеу келеді*» (Русско-казахский толковый географический словарь) деген анықтама берілген.

Ал «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» жазық сөзіне үш түрлі анықтама берілген: «*зат. 1. Кең алқапты теп-тегіс аймақ. Ұшы-қиырына көз жетпейтін Тарақты ж а з ы г ы н а үлкен бір жасыл көрпе жаза салған тәрізді (З. Ақышев, Ақбел.). // Кедір-бұдырсыз, тегіс, ойсыз-қырсыз. Күн батып бара жатқанда ж а з ы қ жердің үстінде тұрсаң, күн батып бара жатқан көкжиек жердің ең шеті құсап көрінеді; ал тау үстінен еңкейіп бара жатқан күн ұшы-қиырсыз кең дүниенің бір жықпылына ғана бұғынып қалғандай әсер қалдырады («Жас Алаш»). 2. г е о г р. Теңіз деңгейінен есептегенде одан төмен орналасқан, биіктігі 200метрден аспайтын құрлықтың кең алқабы. Ж а з ы қ ойпатты (биіктігі 200 метрге дейін), қыратты (200-500 метр) және таулы (500 метрден жоғары) болуы мүмкін (Қ. Құрманов, Физ. геогр.). 3. г е о м. Тегістік, геометриялық табиғи дене. Мұнда сызықтар, ж а з ы қ т а р, геометриялық денелер, сандар тағы басқалар табиғи денелерден, нәрселерден дерексіз бөліп алынып қарастырылады (А. Көбесов, Математика.) ([sozdikqor.kz](http://sozdikqor.kz)).*

Географиялық дерекке сүйенсек, жазық пайда болу ерекшелігіне қарай бірнеше түрге бөлінеді екен [19]. Мысалы, бір кездері теңіз түбі болып, кейін жер қыртысының көтерілуі нәтижесінде пайда болған жазықтар бастапқы жазық деп аталады. Бұған Каспий ойпаты мысал бола алады. Сонымен қатар өзендердің шөгіндісі мен тұнбасы арқылы пайда болған жазықтар да бар. Мұндай жазық қиыршық тас, құм және саздан тұрады, ал олардың шөгінді қабатының қалыңдығы кейде жүздеген метрге дейін жетеді. Осындай жазыққа Үлкен Қытай жазығы, Оңтүстік Америкадағы Парана өзені

бойындағы Ла-Плата жазығы және Азиядағы Месопотамия жазығы жатады. Таулардың ұзақ уақыт бойы мүжілуі нәтижесінде де жазық қалыптасуы мүмкін. Мұндай жазықтар қатты, қатпарлы жыныстардан тұрады және көбінесе төбелі болып келеді. Мұндай жазықтарға Шығыс Еуропа жазығы мен Сарыарқа жазығын жатқызуға болады.

Қазақ халқының тілдік дүниетанымында «жазық дала» ұғымы еркіндік пен кеңдіктің нышаны ретінде ерекше орын алады. Дала — қазақтың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінің негізі. Жазық дала табиғатпен бірге үйлесімді өмір сүруді бейнелейді. Қазақтың фольклоры мен өнерінде жазық дала шексіздік, тыныштық және рухани тереңдік ұғымдарымен астасып жатады. Сонымен қатар жазық дала қазақтың кеңпейілдігі мен қонақжайлығының көрінісі ретінде қабылданады. Жалпы дала ұғымы қазақтың ұлттық болмысы мен дүниетанымының ажырамас бөлігі іспеттес.

*СУБКОНЦЕПТ — сайын дала.* Бұл тіркесті көркем проза мен өлең жолдарынан ғана емес, БАҚ беттерінен, әлеуметтік порталдан да көптеп кездестіреміз: *Қазақстанға алғаш рет жолы түсіп отырған ол сайын даладан алған сезімге толы әсерлерін туған жеріне жеткізуге асығулы* (Oñtüstik Qazaqstan); *Сайын дала сардары* ([osken-onir](#)).

Лексикографиялық сөздіктерге жүгінетін болсақ, «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» берілген мағынасы бірнеше: *«сын. 1. Кең-байтақ, ұлан-ғайыр. Еуразия материгінің Қытайдағы Хуанхэ өзенінен Жерорта теңізіне дейінгі аралығындағы сайын дала адамзаттың бүкіл тарихында Шығыс пен Батысты байланыстырып тұрған көпір ғана емес, ісі түркі далалықтардың алтын бесігі еді (Қаз. Дала. Ойшыл.)*

*«Ал қимылда?» десіп, бірін-бірі қуып, сайын далада салды аударыспақты (Ж. Аймауытов, Шығ.)*

*2. ауыс. Кең, дауысы зор, үнді деген мағынада.*

*Менің жаным мейірімге құмар тым,*

*Достарым көп шалқар көңіл, сайын үн.*

*Жез шығатын жерден шыққан бір алтын*

*Жымысын жиямын деп байыдым (Ж. Жақыпбаев, Ләйлә).*

*Сайынға шапты. Думанды, дүбірлі жарысқа түсті деген мағынада.*

*Шабаны жүйрік тұлпар боп,*

*Сайынға шауып шаңдатты (Дулат Бабатайұлы, Замана.)»*

Біздің пайымдауымызша, тіпті шылау ретіндегі берілген «істің дүркіндік созылыңқылығын білдіретін» қосымша мағынасы да осы бірінші мағынасынан таралған болу керек: «Атты әскерлері неғұрлым ішкері қарай жылжыған сайын, соғұрлым жоңғарлардың жеңістері де қиынға түсе бастады» (Ә. Әлімжанов, Шығ.). Ал сөздіктегі тура, яғни «кең-байтақ, ұлан-ғайыр» деген мағынасы «дала» концептісінің маңызын аша түседі.

Сондай-ақ «Қазақ есімдерінің анықтамалығында» «сайын» сөзі моңғол тілінде «жақсы, оңды» деген мағына береді екен [20].

Әлемді дүр сілкіндірген Алтын Орда мемлекетінің иесі Жошының мирасқоры, халқының ерекше құрметіне бөленген Бату хан көзінің тірісінде-ақ «Сайын хан» деген атаққа ие болды. Сол кезеңде «сайын» сөзі «қайырымды, әділетті» деген мағынада қолданылған екен.

Сайып келгенде, «сайын» сөзінің мағынасы «кең, байтақ, шексіз, созылыңқы, кеңейген, жайылған, ауқымды, қайырымды, әділетті» деген ұғымдарды білдіреді. Бұл лексемалар толығымен «дала концептісінің» бар сипатын ашып тұр.

*СУБКОНЦЕПТ — ұлы дала.* Бүгінде БАҚ бетінен «Ұлы Дала» сөзін жиі кездестіреміз: *Ұлы дала талай ұлыларды дүниеге әкелгенін біз жақсы білеміз* ([adebiportal.kz](#)). *Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы — түгел түркі мен Ұлы даладан бастау алатын тамырлас жұрттардың да ортақ игілігіне айналары хақ* ([qazaqadebi.kz](#)).

«Ұлы Дала» түсінігі — сонау заманнан келе жатқан ұғым. Дешті Қыпшақ атауы қыпшақтардың даласы деген мағынаға ие. Бұл ұғым Алтайдан бастап Қара теңізге дейін созылып жатқан кең байтақ даланы қамтиды. Оның басты бөлігі — қазіргі қазақ жері. Ұлы Даланың ұрпағы екенімізді кезінде ақын-жырау, қоғам қайраткерлері айтып кеткен. Н. Назарбаев та ата-бабадан мирас болып қалған жерімізді «Ұлы Дала» деп атауды ұсынды. Яғни «Қазақстан» еліміздің ресми атауы болса, «Ұлы Дала» халықтық атауы болуы керек екенін баса назарға алды. Терең тарихтан бастау алған ерекше атау тәуелсіз жеріміздің, егемен еліміздің әлемге танылуына және мемлекеттік әрі ұлттық беделіміздің артуына зор ықпалын тигізетінін сенімді түрде айтты.

Әлемде бейресми атауларымен танымал болған көптеген мемлекет бар. Мысалы үшін, әлем жұртшылығы Жапонияны «Күншығыс елі», Қытайды «Аспанасты елі», Голландияны «Қызғалдақтар елі», Англияны «Тұманды Альбион», Кубаны «Бостандық аралы», Кореяны «Таңғы шық елі», Австралияны «Жасыл континент» немесе «Кенгуру елі», Португалияны «Еуропа бұрышы», Канаданы «Үйеңкі жапырақ елі», ал АҚШ-ты «Жаңа әлем» немесе «Эмигранттар елі», кейде тіпті «Жабайы Батыс» деген халықтық атаумен береді.

Алтай мен Атырау, Арқа мен Жетісу аралығындағы кеңінен созылып жатқан ұлан-ғайыр жеріміз ата-бабамыздан қалған аманат әрі мұра ретінде «Ұлы Дала елі» атауына әбден лайық, әрі ерекше мән мен терең мағына үстеп тұр.

Ұлы дала мен Қазақстан — бүгінде егіз ұғымдар. «Ұлы дала елі» атауы біздің ұлттық кодымызды айқындайтын, ұлттық болмысымызды айшықтайтын, ұлттық идеология бағытындағы шарамызды саралайтын атау екені сөзсіз.

«Дала» лингвомәдени бірлігін анықтау үшін, біз өз зерттеуімізде тек сөздіктер мен БАҚ-тан терілген мысалдарды ғана емес, сонымен қатар қазақтың мақал-мәтелін де алдық. «Дала» концептісін айқындауда жалпы паремияда дала ұғымымен қатар, «отан», «ел», «жер», «ауыл» сияқты тілдік бірліктер синоним ретінде қолданылады. Бұл лингвомәдени бірлік қазақ халқының санасында Отан, туған жер, туған өлке ретінде қабылдануымен түсіндіріледі, себебі көшпенділер үшін бүкіл қоршаған әлем кеңістік ретінде қарастырылады. Дала концептісі құрылымдық өрісте ядролық қызмет атқарса, қалған фреймдер шеткері периферия қызметін атқарады. Дала қазақ ұғымында екі түрлі мағынада қолданылады. Бірі — ел, туған жер, Отан сияқты патриоттық рухта қолданылады: *Көше — қаланың көркі, көкорай — даланың көркі; Малды бақсаң, сиыр бақ, сүт кетпейді шарадан, егін ексең, бидай ек, құт кетпейді даладан*; екіншісі — сырт жер, алаңсыз, бейқам өмір деген мағынасында да қолданыс табады: *Ананың көңілі — балада, баланың көңілі — далада; Ағадағы мал — аспандағы мал, інідегі мал — ін түбіндегі мал, баладағы мал — даладағы мал; Мал балада қалды, бай далада қалды*.

«Дала» концептісін сипаттауда когнитивтік лингвистикада кеңінен таралған фреймдік талдауды қолдандық. Алдымен, фреймге берілген анықтамаларға тоқталсақ:

Фрейм — білімді қалыптастырудың маңызды құралының бірі. М. Минский адамның көргенінен алған мәліметі мен жадындағы ақпаратты модельдеу әдісін зерттей отырып, фрейм ұғымын анықтайды. Ғалым өз зерттеулерінде фрейм туралы былайша түсіндіреді: «...Мәселен, бөлмеге кірген адамның ондағы заттар мен құбылыстардың қандай екенін, қалай орналасқанын, санада сақталған осы ақпараттардың қаншалықтысы ақиқатқа сәйкес келетінін анықтау адам жадындағы моделді көрсетеді. Бұл модель фрейм деп аталады. Бұл құбылыс фильмнің әрбір кадры секілді санадағы дүниені визуалды, стереотиптік жағдайда қабылдап тану негізінде жүзеге асады. Фрейм — жадыда сақталған білімі мен ақпаратының белгілі бір ақиқат дүние шеңберіне ұйымдасқан, адам тәжірибесіндегі сол дүние туралы нақты фрагменттен құралған ақпараты. Фрейм көп жағдайда дүниенің лексикалық мағынасы, ол туралы тұлғаның энциклопедиялық және экстралингвистикалық білімі негізінде санада көрініс табады. Негізінен, фрейм концепт ядросының төңірегіне ұйымдасатын құрылымдық элементтерді ассоциацияландыра отырып ақпарат жинайды» [21; 78].

«Фрейм — концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын концепт типінің қарапайым формасы. Ол концептінің ең жақын семаларынан құралады және ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табады» [22; 17].

Ал Е.Ф. Серебренникова фреймді мынадай формулаға салып түсіндіреді: *фрейм = білім 1 + білім 2 + білім 3 + білім n* [23; 30].

1970 жылдары Ч. Филлмор «фрейм» ұғымын тіл біліміне енгізіп, оның мағынасын нақтылап, шектеулі етіп сипаттады. Ғалымның пікірінше, фрейм — «алдын ала қалыптасқан және сөздерге біріктірілген концептуалдық білім мен когнитивті құрылым» [24; 75].

Бұл дегеніміз, фреймдер — когнитивтік құрылымның ерекше түрі, олардың міндеті — тілдік сананы стереотипизациялау, ол ассоциация желісі мен вербалды коммуникация арқылы жүзеге асады.

Ресей ғалымдары фреймді концептінің бір түрі ретінде қарастырып, оны былай анықтайды: «жадыда сақталған ассоциация жиынтығы болып табылатын сахна схемасы» [25; 30], «нысан немесе құбылыс туралы стандартты білімді қамтитын көпқұрамды концепт» [26; 45].

Сонымен, әрбір ақиқат санада фрейм ретінде сақтала алады. Олар белгілі бір ұғымның мазмұнына сәйкес топтасып, концептуалдық жүйе қалыптастырады.

Зерттеу барысында «дала» ұғымымен байланысты бірнеше фрейм анықталды:

Отан фреймі бірнеше слоттан құралған:

СЛОТ — батырлық, ерлік. *Отан үшін отқа түс — күймейсің; Отан үшін күрес — ерге тиген үлес; Орағың өткір болса, қарын талмайды, отаның берік болса, жауың алмайды;*

СЛОТ — патриотизм. *Отанды сүю — отбасынан басталады, Отансыз адам — ормансыз бұлбұл; Отанның қадірін білген — елінің тірегі;*

СЛОТ — сатқындық, отанды бағаламау. *Отан қадіріне жетпеген — өз қадіріне жетпейді; Отансыздың оты жанбайды; Отанын сатқан оңбас; Отанды сатқан — оңбайды;*

Ел фреймі паремияларда тұрғылықты жер ретінде көрсетіліп, оны қорғау, қадірлеу, сүю және сақтау керегін сипаттайды.

СЛОТ — сағыныш. *Сағынған елін аңсайды, сары ала қаз көлін аңсайды; Ат айналып қазығын табар, ер айналып елін табар; Өз елінің иті де қадірлі;*

СЛОТ — патриотизм. *Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол; Ел іші — алтын бесік; Өз елімнің басы болмасам да, сайының тасы болайын;*

СЛОТ — бірлік. *Айырылған ел тозады, қосылған ел озады; Бейбіт елде береке бар; Бірлігі жоқ ел тозар, бірлігі күшті ел озар; Бүлінген елден бүлдіргі алма; Басшысыз елде береке болмас;*

*Жер, Туған жер* фреймі арқылы қазақ халқы үшін жер басты байлық екенін нақтылай аламыз. Өйткені жер бетінде адам баласы, оның ата-жұрты, елі өмір сүреді. Бұл тұжырымды осы фреймдегі мақал-мәтел арқылы дәлелдей түсеміз.

СЛОТ — патриотизм. *Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас; Ел — елінде, гүл — жерінде; жер шежіресі — ел шежіресі; Туған жерге туың тік;*

СЛОТ — батырлық, ерлік. *Батыр туса — ел ырысы, жаңбыр жауса — жер ырысы; Тойған жерде ит жүрер, туған жерде ер жүрер; Ер туған жеріне, ит тойған жеріне; Ер сүрінбей ел танымас, ат сүрінбей жер танымас;*

СЛОТ — сағыныш. *Аққу көлін аңсайды, адам туған жерін аңсайды; Туған жердің жуасы да тәтті; Туған жердің күні де ыстық, күлі де ыстық; Пәлен жерде пайда бар, өз жеріңдей қайда бар?!;*


